

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

работы: «Станция пути» («Way Station», 2001) и «Неопределенное время» («Loose Time», 2002)» [3, с 179-180].

Последующие поколения хореографов называют Мерса Каннингхэма великим реформатором, оказавшем огромное влияние не только на хореографию, но и на музыку, изобразительное искусство и театр в целом. Но главное достижение Мерса Каннингхэма заключается в том, что он открыл новый способ танцевать и сочинять танец.

Список использованных источников:

1. Merce Cunningham [Электронный ресурс] https://en.wikipedia.org/wiki/Merce_Cunningham
2. Суриц Е.Я. Балет и танец в Америке. Очерки истории /Е.Я. Суриц. – Екатеринбург: изд-во Уральского университета, 2004, 392 С.
3. Озджевиз Е.Л. Методические указания по изучению дисциплины «Хореографический тренаж» (уч.-метод.пособие) Саратов : [б. и.], 2011. - 15 с. http://library.sgu.ru/uch_lit/434.pdf

УДК 13.91

ҚАЗАҚ-ПАРСЫ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ДӘУ БЕЙНЕСІ

Марат Мақпал

makosik_89@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Мәдениеттану»

мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Данысбекова Қ.Б.

Әлемдік мәдениет тәжірибесі көрсетіп отырғандай бірде бір ұлттық мәдениет пен әдебиет жалпы мәдени үрдістерден бөлек, шеттеліп дамымайды. Бұл заңдылық, мәдениеттердің бір-бірімен қатынасы мен ықпалы арқылы ғана өсіп, өркендеген және солай болып қалады. Әрбір мәдениеттің өзінің қайталанбас ерекшелігі болғанымен олардың типологиялық жалпылығы бірдей. Бұған дәлел, әдебиеттанушы, халықтың шығармашылық мұрасын зерттеуші А.Бушминнің сөзі «Әрбір өнер туындысының өз даралығы (қайталанбастығы бар, бірақ өзгелермен салыстырғанда ол байланыста болады) бар, сол себепті әртүрлілік мүмкіндігі шексіз». Бұл тұжырымды барлық ұлттық мәдениет пен әдебиетке жатқызуға болады. Әрбір ұлттық мәдениет пен әдебиет өзінің индивидуалдылығын сақтай отырып басқа мәдениетпен өзара байланыста және өзара қарым-қатынаста болады [1].

Ертегі жанрында халықаралық сюжеттер көп кездеседі. Иран-түркі халықтарының мәдени-әдеби қарым-қатынасы ежелгі дәуірден бастау алады. Екі халықтың мифологиялық түсінігінде, фольклорында ұқсастықтар айрықша мол. “Авестадағы” мифологиялық кейіпкерлер, Фердоусидың “Шахнамасындағы” кейіпкерлердің бейнесі қазақ фольклорында, әсіресе ертегілерінде өте жиі кездеседі. Фольклор саласын зерттеуде ХХІ ғасырда тарихи-салыстырмалы әдіске қатты назар аударылып келеді. Бұның себебі, дүние жүзі халықтарының фольклорындағы ұқсастықтың кең ауқымдылығы туыстық пен қарым-қатынас аясына сыймайды, әсіресе ертегі мен эпос жанрында [2].

Ертегілерде кездесетін мыстан кемпір де, дәу де Азия халықтарының ішінде кең тарған көне образдар екендігі анық. Оның шығу тарихы қола дәуірінде өмір сүрген адамдардың алғашқы наным-сенімдерінен бастау алады. Жарық дүние құдайлары мен өлілер дүниесінің билеушілері жалғыз көзді дәулер арасында болатын соғыс жайлы исседондардың дуалистік мифінде кездесетін сюжеттер кейін скиф тайпаларына өтіп, одан европа халықтарына тарайды. Жалғыз көзді дәудің дүниеге келу кезеңі турасында Е.Тұрсынов мынадай деректерді келтіреді: «Итак, образ глупца, все делающего невпопад, генетически восходит к

представлениям о мире мертвых и его обитателях, возникшим в эпоху разложения первобытных верований и окончательно оформившимся в эпоху бронзы. Конкретнее – к бытовым рассказам, в которых герой надевал личину обитателей мира мертвых и перенимал их поведение, чтобы успить их бдительность и одержать над ним победу или что-то выкрасть. Значительное число таких рассказов вошло составной частью в героический эпос, в бытовую и волшебную сказку» [3].

Геродот жазбаларының ішінен ертегілерімізде кездесетін жалғыз көзді дәу жайлы жазылған деректерді табуға болады. Түркі және Иран халықтарының ертегілерінде көбіне бас кейіпкер жолаушылап келе жатып дәудің шешесіне жолығысып қалады. Оған жақындап барып «шеше амансыз ба?» деп сәлем береді немесе барған бойда оның төсін еміп дәуге бала болады. (Иран халқының «Бір ай, бір жұлдыз» ертегісінде, т.б. ертегілерді мысалға келтіруге болады). Дәулер қайтып оралар сәтте дәулердің шешесі әлгі қаһарманды жасырып қояды. Шешелеренен айтуымен дәулер кейін қаһарманмен дос, бауыр болып кетеді. Басты кейіпкер шарасыз күйге түскен сәтте олар келіп көмектесіп отырады.

Осындағы дәулердің шешесі (кейде мыстан кемпір) ежелгі матриархат дәуірінен қалған элементтер екендігі белгілі. Ол туралы мифологиялық аңыздар, әсіресе, сақтар кезінде кең таралған болуы керек. Бұл жайында Геродот жазбаларынан мынадай деректі табуға болады: «Итак, об исседонах у нас есть еще сведения. Выше исседонов по их собственным рассказам, живут одноглазые люди и стерегущие золото грифы. Скифы передают об этом со слов исседонов, а мы прочие узнаем от скифов «зовем их по-скифски аримаспами, «арима» у скифов значит «единица», а «спу» - «глаз» [4].

Қазақ ертегілерінде кездесетін жалғыз көзді дәу Иран ертегілерінде де, араб елінің ертегілерінде де кездеседі. Арабтардың атақты «Мың бір түн» ертегісінде де дәу, диюлар ұшырасып отырады. Дәулер жайлы түсініктер алғаш қазақ даласында пайда болғандығы жайында өз ойларын Х.Г.Короглы былайша жеткізеді: «Геродот считал исседонов соседями агриппеев. По мнению И. Забелина, исседоны жили на Урале и название реки Исети связано с наименованием этого племени. Он также считает, что племена аримаспов кочевали по Северному Казахстану, приблизительно в районе города Степняк, где находятся крупные золотые рудники. Некоторые историки считают, что аримаспы занимали Алтай. Весьма любопытно, что наибольшее количество вариантов мифа об одноглазом великане распространено именно в казахских степях, где обитали саки [4].

Парсы-тәжік халықтарының өшпес ұлы мұрасы «Шахнаме» дастанында да дәулер туралы сөз болды. Дастанда дәулер кей кезде Иран әскерлеріне қарсы соғысатын тұрандықтар жағында бейнеленген. Онда былай дейді: Бірде Кей Хосрау патшаға бір адам келіп осы аймақта бұрын-соңды ешкім көріп-білмеген таңғажайып бір жабайы есектің (парсыша «гур») пайда болғандығын хабарлайды. Хосрау патша бұл іспен шұғылдануды Рүстемге тапсырады. Себебі, «мүмкін хайуан кейіпіне еніп, келіп жүрген бұл дәудің өзі болар» деп ойлайды. Патшаның күдігі расқа шығады. Шынында, жабайы есек кейпінде жүрген – «Акван дәу» деген дәу болып шығады. Рүстем дәудің ізіне түседі. Дәу жазық далаға қарай кетеді, Рүстем қыр соңынан қалмай қуалап келе жатып, жазық далада шаршап, діңкесі құрып құлайды да ұйқыға кетеді. Акван дәу келіп ұйқыда жатқан батырды жермен қоса қопарып алады да аспанға алып ұшады. Рүстем ояна келсе, аспанда дәумен бірге ұшып келе жатқан өзінің мүшкіл хәлін көреді. Дәу батырдан: «Сені өзенге тастайын ба, әлде тау мен тасқа қарай атайын ба?» деп сұрайды. Рүстем дәулердің айтқан нәрсеге керісінше іс қылатынын жақсы білетін еді, сондықтан да ол дәуге: «мені тау мен тасқа қарай лақтыр», – дейді. Дәу Рүстемнің бұл қулығын түсінбейді де оны терең өзенге апарып тастайды. Жағаға жүзіп шыққан батыр Афрасиабтың жайылып жүрген жылқыларына тап келеді. Жылқыларды алдына салып айдап келе жатқанда аяқ астынан Афрасиабтың өзімен ұшырасып қалады. Арада соғыс болып, Рүстем Афрасиабтың жанындағы нөкерлерін қырып салады. Афрасиабтың өзі қашып құтылады. Сол соғыста ол өзіне қарсы келген Акван – дәумен соғысып оны да өлтіреді.

Осындағы дәу – Акван, фольклоршы – ғалым Ә.Диваевтің қазақтар арасынан жиналған ертегілері ішінде кездесетін «Қисса Алаңғасар Әлиф» ертегісіндегі Алаңғасар Әлиф дәумен ұқсас жерлері байқалады. Шаһар халқы Әлифтің ақымақ, қырсық мінезін өз пайдаларына жаратады. Оны өз дегендеріне көндіріп, айдағанына жүргізеді.

Жоғарыда сөз болған «Шахнаме» дастанындағы Рүстемді алып ұшатын дәу мотиві, яғни, ұшатын дәу желісі парсы, араб ертегілерінде сақталып қалған. Мысалы, араб елінің атақты «Мың бір түн» ертегісінде жігітті мінгізіп алып басқа мекенге, басқа шаһарға көзді ашып-жұмғанша апарып келетін дәулер, қазақ ертегісіндегі кейіпкерді алып көкке самғайтын алып қарақұстың бейнесі секілді. Ал қазақ ертегілерінде ондай ұшатын дәу мотиві кездеспейді. Кездессе де өте сирек жағдайда кездеседі. Оның араб еліне кең түрде таралғандығын айтуымыз керек. Тіпті, осы сарындардың кейін Ислам дінінің аңыздарымен қосақталып кететіндігін де байқауға болады. Сондай аңыздардың ертегілік сюжетпен араласқандығын атақты орыс ғалымы И.Ю.Крачковский дер кезінде аңғара білген. Ол жайында ғалым былай дейді: «Один из таких рассказов, подтверждаемый авторитетом Мухаммеда, а говорит о его путешествии. Во время какой-то поездки по Сирийскому (средиземному) морю он со своими спутниками был выброшен бурей на необитаемый остров, где видел собственными глазами заключенных там Даджала (Антихриста) и Джассасу (апокалиптического зверя) которые должны появиться на земле в конце света. Этот апокрифический рассказ возник рано: во всяком случае, мы встречаем его со всеми подробностями в старейших сборниках хадисов. Интересно, что дальнейшее литературное развитие легенды, оказавшейся очень популярной в мусульманском мире, мы можем отчетливо проследить. Впоследствии она была перенесена в эпоху после смерти Мухаммеда и приобрела другую форму, в которой уже нет речи о реальном путешествии по морю. Тамима ночью из собственного дома в Медине похищают джинны, он пролетает через разные невидимые страны, заселенные фантастическими существами, так что встреча с Даджалем и Джассасой оказывается только одним из многочисленных эпизодов. В конце концов ангел на облаке спускает его к дому. Жена Тамима, считая его погибшим, успела выйти замуж за другого, соседи не верят его рассказам: положение спасает халиф Омар, подтверждая, что все приключения Тамима были предсказаны Мухамедом. Легенда в этой форме объединила уже два сказочных мировых сюжета: путешествия в волшебную страну и возвращения лица, признанного умершим. Она распространилась очень широко и существует теперь в популярной, часто переиздаваемой брошюре, равно как известна в старых переводах на турецкий, малайский и испанский языки; влияние и аналогичных произведений отразилось и на средневековых европейских легендах типа путешествия св. Брондана» [5].

Шығыс халықтарында дәу бейнесі көбіне-көп салт ертегілерінде орын тапқан. Онда алып қара күштің иесі дәуді әлжуаз шал немесе айлакер жігіт, тазша бала деп, оның ақымақтығын пайдаланып, әжуа – мазақ етіп жүреді.

Бұл ертегінің барысында да дәулер кездеседі. Бірақ мұндағы дәудің басқа ертегілердегі кездесетін дәулерден бір айырмашылығы ол дәудің басы біреу емес, екі басты болып келетіндігінде. Өзінің күші де басқа дәулерге қарағанда әлдеқайда басым. Қаһарманның жанашыр достары жеті дәудің бірін екі басты дәуге тұтқынға алып кетеді. Оған қарсы тұрарлық қалған дәулерден дәрмен болмайды. Құдық ішіне түсіп, жер астындағы екі басты дәумен алысатын қаһарман да оны өлтіру жолында ешқандай қулыққа сүйенбейді. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кейіпкерлер секілді екеуі алыса кетеді. Дәуді өлтіргенде де алдымен оның жаны қайда екенін біліп алады да сосын өлтіреді. Мұнда ертегінің әлі де тұрмыс-салт ертегілеріне айнала қоймағандығын, алайда, қоғамның дами бастаған кезін, сауда-саттықтың, қолөнердің, өндірістің өскен шағында қиял-ғажайып ертегі тыңдаушысын баурап әкететін өзінің бұрынғы қасиетінен айырыла бастағанын аңғаруға болады. Бұл ертегіде де новеллалық ертегіге тән өте қызықты, қорқынышты сапарлар, шым-шытырық жағдаяттар, адамның қым-қиғаш тағдыры, отбасылық өмірі, ерлі-зайыптылардың басынан кешкен оқиғалары, тағы да басқа небір керемет те сұмдық оқиғалар туралы баяндалады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, парсы фольклорында дәулер Мазандаран тауларын мекен етеді. Бұл дерек «Шахнама» дастанында бас кейіпкердің сол жаққа сапар шегіп дәулермен соғысқанынан белгілі болып отыр. Ал, қазақ ертегілерінде жер асты елінде, адам аяғы баспаған мекендерде өмір сүреді. Қазақ ертегілерінде маңдайында жалғыз көзі бар дәулер жиі ұшырасатын болса, парсыларда екі басты дәулердің ұшырасатындығын байқаймыз. Демек, екі ел фольклорында да дәу бейнесінің өте ежелден келе жатқандығын, әрі кең түрде тарағандығын көруге болады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Бушмин А.С. Преемственность в развитии литератур. 2-ое изд., доп. – Ленинград : Художественная литература, 1978. – 223 с.
2. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 308 б.
3. Турсынов Е. Генезис казахской бытовой сказки. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 216 с.
4. Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. – Москва: Наука, 1983. – 336 с.
5. Крачковский И.Ю. Избранные сочинения. – Москва-Ленинград: АН СССР, 1957. – 919 с.

УДК 13.11.25

СУРРОГАТНОЕ МАТЕРИНСТВО В КАЗАХСТАНЕ

Махажанова Галия Бауыржановна

makhazhanova95@mail.ru

студент ЕНУ им Л.Н Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - С.Ш.Аязбекова

Будущее нации в руках матерей.

О. Бальзак.

На сегодняшний день каждая 6-я супружеская пара в Казахстане лишена естественной способности рождения ребенка [1]. Одним из способов решения данной проблемы для них является усыновление малыша из Дома приюта или Детского дома. Но не каждая супружеская пара готова взять на воспитание чужого ребенка. Сегодня благодаря развитию медицинских и научных технологий, расширились возможности преодоления бесплодия. Метод суррогатного материнства является модификацией программы экстракорпорального оплодотворения, когда вынашивает эмбрион другая женщина, так называемая суррогатная мама с дальнейшей передачей малыша генетическим родителям. Данный метод применяется тогда, когда генетической матери противопоказаны беременность и роды.

Какие же проблемы в этом вопросе существуют в настоящий момент в Казахстане? Что мешает широкому распространению суррогатного материнства? Постараемся ответить на эти вопросы, опираясь на международный опыт, нормативно-правовую базу Республики Казахстан и проведенное собственное социологическое исследование.

Международный опыт государственного регулирования суррогатного материнства (далее - СМ) в целом представлен следующим образом:

1. страны, в которых СМ не применяется и законодательно запрещено (Норвегия, Франция, Германия, Австрия и Швеция);
2. страны, где СМ разрешено и реализуется на безвозмездной основе (Израиль, Канада, Австралия, Великобритания, Нидерланды и Испания);
3. страны, в которых законодательно разрешено применение метода суррогатного материнства на возмездной и безвозмездной основе (Украина, ЮАР, Казахстан, Россия);